

Қарама-қарсылық мәнің морфосемантикалық деңгейдегі көрінісі

Антропоэзекті бағыттағы зерттеулерге ауызша немесе жазба мәтін арқау болатыны белгілі. Осымен байланысты, соңғы ширек ғасыр көлемінде мәтін лингвистикасы да едәуір жоғары деңгейге көтерілді деуге болады. Мұны алуан түрлі мәтіндерді түзуші авторлардың жеке тілдік тұлға ретінде қазіргі заманғы зерттеулердің негізгі нысанына айналғанынан да байқаймыз. Біз осы мәтінді жасау кезінде, яғни ауызша немесе жазбаша сөзжұмсам барысында грамматикалық формаларды пайдалануда, оларды таңдап іріктеуде сөз иесі қандай межелеуіштерге сүйенеді? Ол таңдау кейін мәтінді түсіну мен интерпретациялауға қалай әсер етеді? деген сұрақтарға жауап іздеп көрдік.

Орыс зерттеушілері А.П. Бабушкин мен В.Б. Кашкин грамматикалық форманы таңдау мынадай факторға байланысты: мәтіндік (регистрлік немесе стилистикалық) ая; жалпы жағдаяттық (ситуативтік) ая; категориялық ая; контекстуалдық ая; лексикалық ая – дейді (1). Бұл санамаланғандардан бөлек грамматикалық таңдауда *когнитивтік фактор* да маңызды болып табылады.

Белгілі бір форманың қолданылуында грамматикалық семантика айрықша роль атқарады. Ол осының алдындағы қолданыстардың, алдыңғы контекстердің квинтэссенциясы (мәні, мәнділігі, бастапқы негізі) болып табылады да, реалды нәрселер мен адамдарға тікелей қатысты болады. Ол заттар мен адамдар жөнінде бізге алдыңғы тарихтан таныс білім (*когнитивтік өріс*) белгілі бір кейіпте қандай да бір семантикалық (немесе функционалды-грамматикалық) өріспен қиылысады. Мәселен, заттың бірегейлігі, жалғыздығы жөніндегі білімдер *сана* және *сан* грамматикалық концептілерімен қиылысады («бір Күн» (солнце) демейміз, «Күн» дейміз, себебі біз, яки Жер бетіндегі адамдар үшін ол біреу-ақ!).

Квинтэссенция – 1. *антикалық және орта ғасырлық философияда: заттардың негізгі мәнділігі, мәні; 2. кітаби. Негіз, бір нәрсенің ең негізгі мәні (2, 425).* Жалпы антика заманында және орта ғасырларда философтар жердегі негізгі төрт элементке (су, топырақ, от және ауа) қарама қарсы қойған аспан денелерін құрайтын негізгі (бесінші) элемент ретінде осы квинтэссенция деп аталатын эфирді санаған. Латын тілінде *мәнділік* мағынасын білдіретін *эссенция* – бастапқыда өсімдіктерден алынатын эфир майының атауы болған. Философияда: эссенция (сущность) 1. біреудегі, бір нәрседегі ең маңызды, басты нәрсе, негізгі ішкі мазмұн; мән. 2. заттардың ішкі негізі. Ол заттардың құбылыстарда болатын және танылатын тереңдегі байланыстары мен қатынастарын анықтайды (2, 1294).

«Грамматикалық семантика», «грамматикалық білімдер» мен «грамматикалық қолданыстар» ұғымдарының арасына нақты шекара жүргізудің өзі де қиын. Грамматикалық категориялар да ғалам жөніндегі және оны барынша абстрақтылы және жалпылама формада категориялаудың тәсілдері жөніндегі білімдер болып табылады. Дегенмен грамматикалық білімдер негізінен имплицитті және талқыланбайтын болса, грамматикалық формалар қолданысы деген когнитивтік параметрді айқындау (эксплициттеу) одан жеңіл ірек. Мәселен, бір заттың бірегейлігі жөніндегі ойдың болуы осыған мысал бола алады (Күн жалғыз, Ай жалғыз т.б.). Сонымен грамматикалық категориялардың когнитивтік аспекті: 1) нақ грамматикалық концептілерді; 2) когнитивтік сүзгілерді (сөзжұмсамға негіз, тақырып болып отырған зат жөніндегі білімдер) қамтиды.

Грамматикалық қолданыстың когнитивтік аспектісінің барлық деңгейлері ұжымдық сананың менталды образдары болып табылатын *концептілермен* байланысты болады (3, 95-96). Сонымен қатар нақ грамматикалық концептілер (көптік, белгілілік, алдыңғы

болған (болып өткен) нәрсе, бір мезгілде қатар болушылық т.б.) анағұрлым әмбебап және тереңірек болып келеді және ауқымдырақ жалпылаушы күшке ие болады.

Ал әңгіме өзегі болып отырған зат жөніндегі білімдер саласы (когнитивтік сүзгілер) екі деңгейшеге бөлінеді. Ол екеуінің абстракциялану (жалпылану) және жинақталу дәрежелері екі түрлі болады:

- әлемдегі қай зат, құбылыстың қайда және қалайша орналасатындығын білу, заттар тобы туралы білімдер т.б.;
- қоршаған әлемдегі фактілерді, заттар мен уникалийлер тобы және олармен байланысты оқиғаларды білу.

Сөзқолданыс барысында адам осы білімдерге сүйенеді.

Когнитивтік лингвистикадағы түсініктер бойынша, әрбір тіл концептілердің белгілі бір жүйесін репрезенттейді, ол жүйе арқылы тіл ұстанушылар қоршаған ортадан келіп түсіп жататын ақпараттар ағынын қабылдайды, құрылымдайды, топтастырады (классификациялайды) және зерделейді (интерпретациялайды).

«Когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы – концепт – көзбен көруге болмайтын, байқалмайтын, ойлау категориясы. Осы белгісі оны түрліше түсіндіруге жағдай жасайды» (4, 9). Философтар, психологтар, лингвистер бұл ұғымды әр түрлі түсіндіреді, олардың әрқайсысы концептіге құбылыстардың кешенді интерпретациялануына қатысты түрлі қасиеттерді телиді. Қалай болғанда да, концепт реалийлер мәнін белгілі бір факторлардың ықпалымен «жинайды», «қабылдайды» және «туындатады» (лат. *Conceptus* – собрание, восприятие, зачатие).

Концептінің қалыптасуына ықпал ететін факторлар: 1. сезімдік тәжірибе, яғни сезім мүшелерінің қабылдауы; 2. адамның заттық қызметі (әрекеті); 3. бұрыннан бар концептілер негізінде жаңа концептілердің пайда болып, қалыптасуына себеп болатын ойлау әрекеті; 4. оқыту, үйрету бағытындағы тілдік қызмет (ұғымдарды түсіндіру және түсіндірме беру, мәнін ашу), өз білімін көтеру, жетілдіру қызметі (бейтаныс сөздердің сөздік анықтамаларына назар аудару кезінде жаңа концептілерді «шығару» т.б.) (4, 4). Адам концептілер арқылы ойлайды. Ойлау қызметінің нәтижесінде жаңа, бастапқы немесе жаңа туынды, күрделенген, кешенді, жинақталған концептілер жасалады, олар кейінірек әр түрлі қатынастарға түсе отырып, бір бірімен өзара байланысты, шарттасқан менталды образдар жүйесін құрайтын болады.

Қазіргі кезде концептіге көптеген ғалымдар назар аударып отыр. Оны бірде *тілді, сананы және мәдениетті кешенді зерттеуге бағытталған шартты зерттеу бірлігі* десе, кейде *ұжымдық сананың маркері*, ал енді бірде *адам санасында бейнеленетін және тілдегі белгілі бір сөз арқылы таңбаланатын базалық, әмбебап, семантикалық категория* ретінде анықтайды. Концепт «жадтың, менталды лексиконның, концептуалды жүйенің және ми тілінің, бүкіл ғалам бейнесінің оперативтік бірлігі, білім кванты. Ең маңызды концептілер тілде ашық көрініс тауып, жеткізіледі» (Е.С.Кубрякова), «құрылымданған білім кванты болып табылатын аса ауқымды ойлау бірлігі» (З.Д.Попова, И.А.Стернин). Жалпы **концепт** – құлақпен естілгеннің, көзбен көргеннің, сезілгеннің менталды бейнелену нәтижесі болып табылады, ол алдымен жасалады, сосын дамиды (дамытылады), кеңейеді, сезімдік бейнеден нақ ойлау бейнесіне айнала отырып, ойлау байланыстарына ие болады.

Біз адамзат тілі пайда болған сәттен, яғни ғаламды тіл арқылы тани бастаған сәтте пайда болып, түзілген ең көне карама-қарсылықтардың бірі болып саналатын «Өзім//өзге» (Мен//Басқалар) оппозициясын когнитивтік қырынан қарастырғанда бой көрсететін грамматикалық формалар және олардың сөзқолданыстағы репрезентанттарына тоқталмақпыз.

«Өзім//өзге» оппозициясы - аңғал, ғылымиға дейінгі қарапайым санада, сәйкесінше, Ғаламның рухани бейнесінде кездесетін іргелі, негізгі карама-қарсылықтардың бірі. Ол адамның әлем (қоршаған орта, болмыс) жөніндегі бүкіл ұғым-түсінігін бір-біріне карама-қарсы қойылған екі полюске бөледі. Ол адам көзі жететін барша ғаламды тілдік сана

иесінің «өзімдікі, жақын, қауіпсіз» (оң, жағымды) деп бағаланатын әлемі мен «бөтен, жат, қауіпті» (теріс, жағымсыз, жаман) деп қабылданатын әлемге ажыратады. Бұлайша бөлу аталмыш оппозицияның мифологиялық сипатын көрсетеді, ал ол ғалам жөніндегі ғылыми біліммен ұштаспайды, екеуі - екі бөлек дүние.

«Өзімдікі» және «өзгенікі» жөніндегі түсінік Адамның санасында орнығатын болғанымен, оның іс-әрекет салаларының бәрінде дерлік көрініс береді. Мұның өзі аталмыш қарама-қарсылықтың таңбалық, семиотикалық табиғатын анық көрсетеді. «Өзім//өзге» оппозициясы өзінің мәні жағынан да антропоэзекті, яғни адамға ғана тән болып табылады: «өзім (өзімдікі, өзіме қатысты)» - «өзге» (бөтен, жат, өзгенікі, өзгеге тән).

«Өзім//өзге» оппозициясы ғалам жөніндегі түсінік ретінде тілде бейнеленетіндіктен, ғаламның тілдік бейнесінде (ҒТБ) де көрініс табады, сондықтан оны семантикалық оппозиция ретінде анықтауға болады. Ал түсініктердің, образдардың, концептілер мен тілдік құрылымдардың, тілдік бірліктердің арақатынасы проблемасы когнитивтік лингвистика аясына жатады. Осымен байланысты, аталмыш оппозицияны танымдық қырынан қарастырып көруге талпыныс жасадық.

Гуманитарлық ғылымдардың антропоэзекті бағыттағы негізгі проблемаларының бірі – адамның ақиқат болмысты категориялау тәсілдері, сондай-ақ сол процестер нәтижелерінің тілде бейнеленуі, тілдік құрылымдардың аталмыш процестерге қатысуы. Осыған орай, «Өзім//өзге» оппозициясы ақиқат болмыс категориялануының айрықша бір тәсілі ретінде қарастырылады.

Категориялау – адамның танымдық қызметін, әрекетін сипаттауда қолданылатын негізгі, кілт ұғымдардың бірі. Ол адамның когнитивтік қабілеттері мен оның когнитивтік аппаратындағы жүйелермен, сондай-ақ ойлау барысында орындалатын операциялармен – салыстыру, ұқсату, ұқсастықтарды табу т.б. байланысты. Категориялауға қабілеттілік адамның айналадағы ұқсас деп қабылданатын құбылыстарды бір топқа біріктіріп, топтастыруға көмектеседі. Сондай-ақ жаңадан табылған реалияның бұрын анықталған топтарға қатынасын анықтауға қабілеттілік те осымен байланысты. Категориялау процесі адамға келіп түсетін ақпаратты ұғынып, концептілер, концептуалдық құрылымдар мен адам миындағы бүкіл концептуалдық жүйенің жасалуына әкелетін, жол ашатын құбылыс *концептуалдаумен* тығыз байланысты. Классификациялау қызметі бола отырып, олар түпкі нәтижесі және/немесе қызмет, әрекет мақсаты бойынша ғана ерекшеленеді. Бірінші процесс қандай да бір ұсақ, минималды бірліктерді бөліп көрсетуге бағытталса, екіншісі – белгілі бір қатынаста ұқсас болатын немесе ұқсас деп сипатталатын бірліктерді біршама ірі топтарға біріктіруге бағытталады.

«Өзім//өзге» оппозициясы ұғымдық категорияға жатады, олар (ұғымдық категориялар) «жекелеген сөздерге, олардың формаларына (жүйелеріне) емес, табиғи тілде алуан түрлі құралдар арқылы жеткізілетін сөздердің ауқымды тобына тән жалпы сипаттағы мағыналық (мәндік) компоненттер» (5, 385) ретінде анықталады. *Мағыналық компонент ретінде оппозиция тілдің семантикалық кеңістігінде жұмсалады*, оны айқындаушы негізгі межелеуіш – «өзіндік, жақындық//жаттық, бөтендік» семантикасының болуы.

«Өзім//өзге» оппозициясының тілдегі және ақиқат болмыстағы жүзеге асырылу, қолданылу тәсілдері сан алуан болып келеді және олардың барлығы бірдей жете зерттелді деу қиын. Оның тілдік көріністері әлі де қарастыра түсуді қажет етеді. Әлемнің аталмыш межелеуіш бойынша екіге жіктелуі барлық халықтарда кездеседі, тіпті ұлты, жасы, әлеуметтік жағдайы бойынша, ауыл мен қалалық жер тұрғындары арасында да мұндай бөлінушілік түрлі дәрежеде байқалады. Айырмашылығы тек аталмыш мәнің қандай тілдік, лексикалық бірліктер арқылы берілуінде десек қателеспейміз. Түптеп келгенде, бүкіл өміріміз осы бөліністен тұрады. Тек өзге ұлт, этнос жайлы сөз болғанда «бізде//оларда» дейміз, ал ауыл немесе қала тұрғындары жөнінде әңгіме қозғалғанда «ауылда//қалада» дейміз. Мәселен, қала тұрғындарының өздері тұрмыстық жағдайына,

деңгейіне, діни наным-сенімінің бағытына қарай да бірнеше топқа (айқын болмаса да) бөлінетіні жасырын емес. БАҚ-тағы және күнделікті ауызекі сөзжұмсамдағы ауқатты адамдарға қатысты қолданылатын «байлар, байшікештер, биік астаудан су ішетіндер, үріп ішіп, шайқап төгіп жүргендер» т.т.с.с. оралымдар соның айғағы. Ал өзіміз жете мән бере бермейтін, әбден үйреншікті қолданысқа айналған «Қазақта мынадай сөз бар: ...», «қазақ айтады ғой...» деген сияқты дәнекер жұмсалымдардың өзінің ар жағында дәл осы «Біздің қазақ, менің ұлтым...» деген салмақты мәселе тұрады. Яғни «Өзім//өзге» оппозициясының тілдік көріністері дегенде, салыстырылатын екі жақтың қатар айтылуы, бірге аталуы міндетті емес, «мен, біз, өзім, өзіміз» деген жерде, «ол, олар, басқалар, біреулер» деген нәрсе саналы түрде немесе санадан тыс-ақ аңғарылады. Демек, салыстыру ашық, эксплицитті түрде емес, имплицитті түрде, сана деңгейінде жүріп жатады, оған ауызша сөз арқылы акцент берудің қажеті шамалы, яки оны вербалдау міндетті емес.

Бұлар - «Өзім//өзге» оппозициясының ең кең таралған, бәрімізге таныс көріністері. Ал енді жазба мәтінде, әсіресе аталған есімдіктер (өздік есімдігі мен жіктеу есімдіктері) ашық қолданылмаған жағдайларда бұл қарама-қарсылық қалайша көрініс табады? деген сұрақ туындайды.

Әлбетте, **етістік** арқылы! Себебі, бүкіл әлемді, ақиқат болмысты көзбен көріп, ондағы дауыстар мен дыбыстарды құлақпен естіп, жылы мен суықты денесімен, тері арқылы сезініп, дәмді тіл арқылы, иісті мұрын арқылы ажырататын адам баласы, осы перцептивті процестердің баршасынан алған әсерін **Жан-дүниесімен сезініп, қабылдап, бойына сіңіреді** және сол іс-әрекеттерінің нәтижесін тіл арқылы сипаттап, сыртқа шығарады. Түптеп келгенде, адам ақиқат болмысты ең алдымен **ӨЗІ** арқылы қабылдап, танып, көзі жеткен нәрсені, ақиқат дүниені **ӨЗГЕГЕ СӨЗ** арқылы жеткізеді. Сырттан болатын қандай да бір әсер адамның эмоционалдық саласына қатысты болады, яғни адам жағымды әсер алса, қуанады, сүйінеді, разы болады, шаттанады, рахаттанады, жаны жадырайды т.б. Ал жағымсыз әсерден ренжиді, өкпелейді, қапаланады, жабығады, күйінеді, ашынады, ашуланады, бұлқан-талқан болады, т.б. Бұдан тілімізде адамның эмоциялық күйін барынша дәл жеткізу үшін жұмсалатын қор аса бай екендігі байқалады: қарапайым лексикалық бірліктерден (сөз) бастап, күрделі тілдік құралдар, атап айтқанда тұрақты тіркестер мен бейнелі қолданыстарға дейін тіл ұстанушының қолында және құзырында. Субъектінің басынан кешіретін қандай да бір көңіл күйі мен жан күйін барынша дәл, адекватты етіп жеткізу үшін сол бай қордан әркім керегін және қажет деп тапқанын алады. Адамның осы эмоционалдық саласын құрайтын негіз, өзек *эмоциялар* десек, **етістік** сол **эмоцияларды концептуалдаушы негізгі құрал** болып табылады. Ешбір зат немесе нысан атауы, я болмаса есім адам эмоциясын етістік сияқты сипаттап бере алмайды немесе таныта алмайды. Етістіктің, әсіресе туынды етістіктердің бұл жағынан әлеуеті аса зор.

«Өзім//өзге» оппозициясы ең алдымен, қарапайым, ғылымиға дейінгі санада қалыптасқан ғаламның рухани бейнесінің бір үзгі болғандықтан, ұлттық (этностық) сана құрылымының маңызды компоненттерін сипаттау мақсаты туындайды. Біз ғаламның тілдік бейнесінің бір үзгі ретінде алынған «Өзім//өзге» оппозициясының орта ғасырлық қыпшақ ақыны Хорезмидің «Мұхаббатнама» (*әрі қарай – МН – С.Б.М.*) поэмасындағы көрінісіне тоқталамыз. Мұндағы басты мақсат - көркем мәтіндегі «өзіндік//бөтендік» семантикасы мен оны репрезенттейтін тілдік құралдарды айқындау. Аталмыш оппозицияның түп тамыры өте тереңде, мифологиялық санада жатқанымен, мәдениетте ол түрлі әдет-ғұрыптар арқылы, ал тілде нақты формалар (лексикалық, грамматикалық, морфологиялық т.б.) арқылы көрініс табады. Осы көріністі «Мұхаббатнама» мәтініне қатысты үш топқа бөлуге болады: 1.«Өзім//өзге» оппозициясының эксплицитті көрінісі: *өздік есімдігінің өзім//өзге формалары арқылы;*

2. «Өзім//өзге» оппозициясының жартылай эксплицитті көрінісі: *біз-олар, мен-сен-ол жіктеу есімдіктері, тәуелдік жалғауының 1, 2 және 3 жақ көрсеткіштері арқылы (елім-жұртым);*

3. «Өзім//өзге» оппозициясының имплицитті көрінісі барша сөйлемге жан бітіретін ЕТІСТІК арқылы, ең алдымен, *өздік* және *өзгелік* етістер арқылы вербалданады. Салыстырыңыз: Мен (өзім) қуандым – мені (өзге біреу) қуантты; Мен (өзім) жыладым – мені (өзге біреу) жылатты; Мен (өзім) күйіндім – мені (өзге біреу) күйіндірді. Осы мән әсіресе ескерткіштер тілінде кездесетін етістікті фразеологизмдерге қатысты алғанда өткірлене түседі: Хирадни аздуруп ғамзаң хумары – *Қылығыңа деген құмарлық ақылымды аз-дыр-ады* (МН).

Назар аударыңыз, ақынның «ақылы (өзі) азбайды», оны басқа бір сезім, «құмарлық» (өзге күш!) «аздырады»! Яғни адам өз еркінен тыс болып жатқан сан түрлі құбылыстарды өзгертуге немесе тоқтатуға шарасыз! Осы шарасыздық оның бүкіл санасын екіұдайы күйге түсіреді. Мәселен, адам өзі іздеген бір затын таппаса, көп жағдайда «**(Мен оны) таппадым**» демейді, «**(Ол өзі) табылмады**» дейді. Бұл жерде етістіктің өз табиғатына тән негізгі де көне сипаты – *болымдылық пен болымсыздық мәні* (бұл да - жеке қарастыруды қажет ететін семантикалық оппозициялардың бірі) бой көрсетеді. Демек адам өзгені ол мүмкіндік берген шекте ғана танып, біледі, көре алады. Ол мүмкіндік туғызбаған жағдайда, өздігінен көп нәтижеге қол жеткізе алмайды. Мұның өзі - *бүкіл ғаламның жүйелі құрылым* екендігімен астаса түсінілетін жай. Ол жүйе *қарама-қарсылықтар мен ұқсастықтар* арасындағы тығыз байланыстарға негізделген болады. Бұл заңдылықты: «**мен (өзім) қуандым//мені (өзге) қуантты**» ≠ «**мен (өзім) қуанбадым//мені (өзге) қуантпады**» деген қарапайым формула ретінде тұжырымдауға болады.

Сонымен «Өзім//өзге» семантикалық оппозициясы лексема (сөз) деңгейінде ғана емес, тілдік бірліктер құрылымындағы морфемалық деңгейде де ашық немесе жасырын түрде көрініс беретіні анықталды. Енді осы тұжырымды тарихи көркем мәтін мысалында дәйектейік.

1. МН-дағы өзім//өзге оппозициясының эксплицитті көрінісіне мысалдар: Қылур өз жаныға қасд өзи байық (Бишара өз жанына қылар өзі қастық); Салайын өзүми өзга адйара (Кетейін өзімді алып өзге елге); Айыт қыл, ей сөзи йалған жафакар, Қарақлары карақчы, өзи 'аййар (*Ей, сөзі жалған азатиы де, Көзіңнің қарашығы – қарақшы, өзің аяр*); Көңүлга өзганиң мехрин йавутман, Йырақлық бирла мен сизни унутман (*Көңілге өзгенің мейірін жуытпан, Жырақ кетсем де сізді ұмытпан*); Сени көрган өзиндин йат болур, Рухунны көрса миң шах мат болур (*Сені көрген өз өзіне жат болады, Рухыңды көрсе мың шаһ мат болады*); Хабибим накшидин мағни булайын, Тахаййурда өзүмдин куртулайын (*Сүйіктімнің нақышынан мән-мағына табайын, Таңдансын жұрт, [сонан соң] өздігімнен жоғалайын*); Мен асрү би нава, сиз мухташамсиз, Латиф-о, назүк-о зибә санамсиз, Қылур өз жаныға қасд өзи байық (*Мен ең сорлы жанмын, сіз кереметсіз, Сүйікті, нәзік, сұлусыз – табынарым сіз, Бишара өз жанына қылар өзі қастық*); Қулуң не қылсун өз хаддини тақсир (Құлуң өз тілегін тежеп қайтсін); Салайын өзүми өзга адйара, Көңүлни бағлағайын өзга йара (*Кетейін өзімді алып өзге елге, Көңілімді байлайын өзге жарға* (МН).

2. МН-дағы өзім//өзге оппозициясының жартылай эксплицитті көрінісіне мысалдар: Сен оқ атсаң бауырым болсын нысана; Качан қылғай көзүмни йақту ол Ай, Ерүр йүзи қуяш тек 'алам арай (*Қашан ол Ай көзімді жарық етеді, Жер жүзін арайлатқан күндей болып*); Болур жаду көзүндин фитна пайда, Йарар миң жан бир ашкалиц фидасы, Көзүм мардуми халиңнің фидасы, Ишикиң топрағы жан саждагахы (*Сиқырлы көзіңнен алдап-арбау пайда болады, Мыңдаған жан бір қылығыңа пайда болады, Көзімнің қарашығы меңіңе пайда болады, Есігіңнің топырағы – жанымның тағзым етер орыны*); Көңүлга жандин артуқрақ кераксин (*Көңілге жаннан да артық керексің*); Тең етман Зухрани Харутунузға (*Тең етпен Шолпанды да нұрыңызға*); Көзүмдин хар заман йол тек фараван (*Көзімнен әр кез ақты қанды жас*); Бойун сундум бу йолда миң балаға, Көңүл парвана болды ол йолаға (*Мойын сұндым бұ жолда мың пәлеге, Көңілім сендей шыраққа көбелек болды*); Жафаң елгиндин асрү мүбталамин (*Жәбір-жапаңның тырнағынан өте запыта болдым*) (МН).

3. МН-дағы өзім//өзге оппозициясының имплицитті көрінісіне мысалдар: Сениң мехриң била йоғрылды затым (*Сениң мейіріңмен суарылды затым [менің]*); Күйүрди халқны чехраң йоласы (*Нұр жүзіңнің сәулесі жүрегімді күйдірді*); 'Умур мехнат била пайана келди, Көңүл жавруң елиндин жана келди, Мени өлтүрди 'ишкын, бермадиң дад, Барурмын астанандин йар хайрбад (*Өмір мехнатпенен таусылып келеді, Жүрегім жәбір тырнағынан жаңа босанды, Саған деген ғашықтық мені өлтірді, дат деуге рұқсат етпедің, Босағанда жатып өлдім, қайырсыз дос*) (МН).

Қорыта айтқанда, аса ежелгі семантикалық оппозициялардың бірін құрайтын өзім//өзге қарама-қарсылығын айқын танытатын өздік және өзгелік етіс формаларын етістіктің өзге категорияларының ішіндегі байырғысы деп санауға толық негіз бар. Ал ырықсыздық мәнінің өздіктен, ортақ етіс мәнінің көптік семантикасымен байланысты кейіннен туындағаны жөнінде өз кезінде көрнекті түркітанушылар (Н.А.Баскаков, Э.Севортян, А.Н.Кононов, т.б.) айтып өткен болатын.

Әдебиеттер:

- 1.Бабушкин А.П., Кашкин В.Б. Когнитивный аспект грамматического употребления.
- 2.Большой толковый словарь русского языка. М., 1997.
- 3.Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. Воронеж: Изд. ВГУ. 1996.
- 4.Попова З. Д., Стернин И. А. Очерки по когнитивной лингвистике. Воронеж, 2001.
- 5.Большой энциклопедический словарь. Языкознание. М., Большая Российская энциклопедия, 1998. 685 с.
- 6.Сағындықұлы Б., Тәшімбаев С. «Мұхаббат нама» мәтіні. А., Қазақ университеті. 2007.

Резюме

Статья посвящена проблемам изучения семантической оппозиции «свой//чужой» в диахроническом аспекте. В частности, автором выявлены способы выражения данного явления на морфосемантическом уровне лексических единиц на материале письменного памятника «Мухаббат нама».

Rezum

Article is devoted to problems of studying of semantic opposition the stranger in Diachronic aspect. In particular, the author reveals ways of expression of the given phenomenon on morphological level of lexical units on a material of a written monument "Muhabbat nama"

Özet

Makalede diyakronik (tarihi) açıdan "özim, özge" (kendim, başka) kelimeleri arasında bulunan anlam ilişkilerinden söz edilmiştir. Araştırmacı Muhabbet-name eserinde rastlanan bu tür dil olaylarını morfosemantik boyutu bakımından incelemiştir.